

Қазақстан Республикасының Көкшетау облысы Васильков алтын рудасы кен орнын өнеркәсіптік игеру мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 3 ақпандағы N 139

Қазақстан Республикасының Көкшетау облысындағы Васильков алтын рудасы кен орнын өнеркәсіптік игеруге қатысатын үміткерлерді іріктеу жөніндегі конкурстың түпкілікті нәтижелерін, сондай-ақ конкурс жеңімпазы - "ТЕК тобы" баяндаған Негізгі шарттың соңғы нұсқасында ол ұсынған шарттар мен ұсыныстарды ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "ТЕК тобының" Васильков алтын рудасы кен орнына қатысты түпкілікті ұсынысы қабылданбасын.
2. Васильков алтын рудасы кен орнын өнеркәсіптік игеруге қатысатын үміткерлерді іріктеу жөніндегі конкурс тоқтатылсын.
3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігімен бірлесіп бір ай мерзімде Васильков алтын рудасы кен орнын шетелдік инвестицияларды тарта отырып отандық жер қойнауын пайдаланушылардың өнеркәсіптік игеру бағдарламасын әзірлесін.
4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп "McGuire Woods Battle & Boone L.L.P." заң фирмасы келтірілген шығынға тексеру және "McGuire Woods Battle & Boone L.L.P." фирмасының Васильков алтын рудасы жобасына байланысты мәселелер жөнінде алған міндеттемелері аяқталғаннан кейін түпкілікті есептеу жүргізісін.
5. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 29 ақпандағы N 98, 1996 жылғы 1 шілдедегі N 254, 1996 жылғы 17 қазандағы N 481 өкімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі